

**Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелерді белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 239 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 26 желтоқсанда № 8195 болып тіркелді. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2020 жылғы 5 мамырдағы № 29 шешімімен. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 2021 жылғы 12 мамырдағы № 33 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 12.05.2021 № 33 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 05.05.2020 № 29 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 139-бабының 9-тармағына, 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабының 4-тармағына сәйкес, Денисов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және мөлшерлемелерімен салыстырғанда жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік мөлшерлемелер белгіленсін.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Қостанай облысы Денисов ауданы мәслихатының 05.05.2020 № 29 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Денисов аудандық мәслихатының мынадай:

1) "Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына жиырма бес процентке жоғары айлықақы мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы" 2013

жылғы 20 қыркүйектегі № 61 (2013 жылғы 1 қарашада "Наше время" газетінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4241 болып тіркелген);

2) "Мәслихаттың 2013 жылғы 20 қыркүйектегі № 61 "Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына жиырма бес процентке жоғары айлықақы мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" 2014 жылғы 27 маусымдағы № 50 шешімдерінің (2014 жылғы 1 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4941 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.